

Т. Рысбеков^{1*}, С. Рысбекова², Б.Ф. Шынтемірова³

¹М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан, Орал қ.

²Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Қазақстан, Орал қ.

*e-mail: tuyakbai.rysbekov@mail.ru

ОРАЛДАҒЫ 1991 ЖЫЛҒЫ «ҚЫРКҮЙЕК ОҚИҒАСЫ» ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Биылғы жылы ел тәуелсіздігінің отыз жылдық белесі тұрғанына айрықша назар аударылуда. Елдің болашақ тағдыры мен тәуелсіздік ұғымдары бір-бірінен алшақ кетпейді. Тарих үшін отыз жылдық мерзім қас-қағымдай ғана уақыт.

1991 жылдан тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихи беттері басталады. Бұл кезеңді саралай отырып, оның соқпақты жолдарын бүгінгі ұрпаққа ұғындыру, іркілістер мен ізденістерді, жасалған істерді ой елегінен өткізу қажеттілігі туындайды. Уақыт мерзімі жағынан тәуелсіздігіміздің отыз жылдығымен қатарлас, тарихи алатын орны жағынан маңызды, бірақ көп жағдайда ескерусіз қалатын Оралдағы «қыркүйек» оқиғасы жөніндегі жағдайды оқырман қауымға ұсынғалы отырмыз. Бұл тек біздің облысқа тиесілі, республика тарихына не қатысы бар деген пікірлер де болуы мүмкін. Баса айтатын жағдай – біртұтас қазақ тарихының өзі аймақтық тарихтан басталады. Бұл оқиға тәуелсіз Қазақстанның басынан өткерген алғашқы сындарының бірі еді. Бұл оқиға территориялық біртұтастығымызға бағытталған сын болатын.

Облыс жұртшылығының басым көпшілігі сол кезде болған жағдайға өз бағасын берді. Оған ел Президенті Н.Назарбаев та әділ бағасын берді.

Болашақ ұрпағымыз Қазақстандағы барлық халықпен, сондай-ақ өзінің көршісі Ресеймен келісіммен бейбітшілікте өмір сүруі тиіс.

Түйін сөздер: Тәуелсіздік, Оралдағы қыркүйек оқиғасы, «казактар мерекесі», М.И. Есеналиев және азаттықтар, «Казактар қоғамы» және «Қайта өрлеу комитеті», митингі, үгіт-насихат жұмысы, қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялау.

T. Rysbekov^{1*}, S. Rysbekova², B.G. Shintimirova²

¹West Kazakhstan University, Kazakhstan, Uralsk

²West Kazakhstan Innovative and Technological University, Kazakhstan, Uralsk

*e-mail: tuyakbai.rysbekov@mail.ru

What do we know about the “September events” in 1991 in Uralsk?

This year, special attention is paid to the upcoming 30-th anniversary of the independence of our country. The country's future and its independence are closely related concepts. For history, thirty years are like a moment flashing in one impulse.

Since 1991, the first pages of Independent Kazakhstan have been launched. There is an urgent need to explain to the younger generation all the milestones of this difficult path, the path of downtime, the path of searches. We present to the readers' attention the situation during «September events» in Uralsk, coinciding in time with the period of gaining independence, but undeservedly forgotten. Opinions are possible that they relate only to the history of the region, and should not have any relation to the general history. It should be noted that the integral history of the country is made up of the histories of the regions. This event was one of the first tests of independent Kazakhstan, a challenge to our territorial integrity.

The vast majority of the population of the region gave their assessment of what happened then. The President of the country also gave him his fair assessment N. Nazarbayev.

Our future generation should live in peace in harmony with all the people of Kazakhstan, as well as with its neighbor Russia.

Key words: Independence, September events in Uralsk, “Cossacks' holiday”, M.I. Yessenaliev and Azat representatives, “Society of Kazakhs” and “Revival committee”, rally, campaign work, conversion of defense enterprises.

Т. Рысбеков^{1*}, С. Рысбекова², Б.Г. Шинтимирова²

¹Западно-Казахстанский университет, Казахстан, г. Уральск

²Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Казахстан, г. Уральск

*e-mail: tuyakbai.rysbekov@mail.ru

Что мы знаем о «сентябрьских событиях» 1991 года в Уральске?

В нынешнем году особое внимание уделено предстоящему тридцателетнему юбилею независимости нашей страны. Будущее страны и ее независимость являются тесно связанными друг к другу понятиями. Для истории тридцать лет словно миг, промелькающий в одном порыве.

С 1991 года начаты первые страницы Независимого Казахстана. Насущна необходимость объяснения и разъяснения подрастающему поколению всех вех данного непростого пути, пути простоя, пути поисков. Представляем вниманию читателей ситуацию во время уральских сентябрьских событий, по времени совпадающих с периодом обретения независимости, но незаслуженно забытых. Возможны мнения о том, что они касаются только истории области, а отношения к общей истории не должны иметь. Следует отметить, что целостная история страны складывается с историй регионов. Данное событие стало одним из первых испытаний независимого Казахстана, вызовом нашей территориальной целостности.

Подавляющее большинство населения области дало свою оценку тому, что тогда произошло. Свою справедливую оценку ему дал и президент страны н. Назарбаев.

Наше будущее поколение должно жить в мире по согласию со всем народом Казахстана, а также со своим соседом Россией.

Ключевые слова: Независимость, сентябрьские события в Уральске, «праздник казаков», М.И. Есеналиев и азатовцы, «Общество казахов» и «Комитет возрождения», митинг, агитационная работа, конверсация оборонных предприятий.

Кіріспе

Оралдағы «казактардың мерекесі» Мәскеуде дайындалғаны белгілі болды. Енді негізгі міндет казактардың 1991 жылы 15-16 қыркүйекке белгілеген жиналатын күнін ресми түрде одан әрі созу үшін себеп табу керек болды. Депутаттардың басым бөлігі казактардан тұратын Орал қалалық кеңесінің қолдауы болмағандықтан, халық депутаттарының облыстық кеңесі 1991 жылы 5 шілдеде Республика күніне арналған 1991 жылдың 5-6 қазан күндері «Орал өңірі халқының күндерін өткізу туралы» қаулы қабылдады. Бұдан облыстық көлемдегі қандай да бір өзге іс-шараларды өткізбеуге саяси және моральдық құқымыз бар еді, алайда Орал казактары бұл шешімді мойындамайтыны белгілі еді. Өйткені, Оралға Ресейдің барлық өлкесінен казактардың өкілдері жиналатын күні белгіленіп қойылған еді. Мұндай зұлым жоспар болашақта КСРО-ның құлауымен байланысты Мәскеуде жасалған. Казактардың бұл жоспары анық белгілі болды. Негізгі мәліметтерді жағдайдың әскери қақтығысқа шейін шиеленісуін қаламайтын орыс казактары берді. Бірақ олардан айырмашылығы Мәскеуде және Ресейдің бізбен шекаралас өлкелерінде жаулық бағыттағы ұйымдар мен қауымдастықтар көп болды. Болашақта КСРО басшылығы Ресеймен шектесетін Қазақстанның

солтүстік және шығыс облыстарының жерін басып алуды жоспарлады. Бұл казактардың «ғасырлық арманы» еді, соған қолайлы сәт туғандай көрінді. СОКП ОК-нің нұсқауымен ол облыстардың барлығының бірінші басшылары орыстар болатын. Тұрғындардың да 70% – славяндар. М.С.Горбачев басқарған СОКП ОК басшылығына енді Орал партия ұйымының басшысын орыс ұлтынан тағайындап, бұл облыстардың жерлері Ресей құрамына «статус кво» ретінде ерікті түрде қосылатыны туралы хабарлау ғана қалып еді. Орал облысында бұл жоспарды Г.Колбин жүзеге асырып, одан әрі мұнымен Мәскеу өзі айналыспақ болды.

Әрбір ұлттық Республикалардың Жоғарғы Кеңестерінде сол ұлттың өкілдерінің басқаруы қажеттігі жөніндегі өзінің ұсынысын КПСС ОК-нің бас хатшысы, Жоғары Кеңес Президиумының төрағасы М.С. Горбачевке жолдаған хатында М.И.Есеналиев былай деп жазды: «Әрбір ұлт әртүрлі адамдардан тұрады – біреуі ұлтжанды және белсенді әрекеттегі азамат, басқасы – шектеулі және қоғамдық өмірге немқұрайды қарайды, алайда бүтіндей ұлтқа бірнәрсеге қысымшылық жасалса, онда қор болған ұлттық сезімдегі, өзінің олқылығын сезінетін антиподтар біртұтас болады... Сондықтан да саясаткерлердің, болашаққа көз жіберушілердің міндеті ұлтаралық қақтығыстарға, жақтырмаушылыққа

жағдай жасамау қажет. Олар бір күндері болмайтын салдарларға апарып тірелуі мүмкін (Исиналиев, 1998а: 32).

Қазақстандағы тыныштықтан Мәскеудегі кейбіреулер беймаза бола бастайды. 1986 жылғы орталықтың ақылға сыймайтын шешімімен желтоқсан оқиғасы саяси арандатушылығынан кейін азаматтар енді-енді өзара түсінісу тілін таба бастаған кезде 1988 жылдан бастап орталық баспа беттерінде республикаларға территориялық талаптар қоятын мақалалар шыға бастады... Мен бұған дейін республикалық баспа беттерінде «неліктен, кеше ғана номенклатураның тұрмыстық артықшылығына қарсы шыға отырып, бүгін патшалық империяның белгілі-бір сословиелерге берген артықшылықтарын қалпына келтіруіміз керек, соның ішінде Орал, Орынбор, Сібір, Семиречье казактарына. Патшаға адал қызметі, Ресей империясының шығыс шекарасын қорғағаны үшін казактардың ең шұрайлы жерлерін казактарға тартып алып беріп отырды (Исиналиев, 1998б: 192-193).

КСРО-ның құлауымен аяқталған 1991 жылғы әлемге әйгілі оқиғалардан кейін де казактардың басқыншылық пиғылы тоқтамады. Ресей атамандары одағының органы «Станица» газетінде «казактардың байырғы жерлерін» қайтару бағдарламасы жазылған үлкен мақала жарияланды. Бұл жарияланымда казактардың басқыншылық ойлары қандай дәрежеге жеткенін көруге болады. Сол уақытта казактарды өздерінің әскери құрылымын жасау үшін ресей армиясына қабылдап, қаруландырып жатқаны белгілі болды.

Ол кезде айқай-шу көп болды. Оған дейін президенттер Ельцин мен Назарбаев болжамды жиынға өте қарама-қайшы пікір айтты және оның қарсаңында ғана бұл күн Ресейдің қалаларының бірінде аталып өтуі керек делінді.

Ресей казактарының тілегі репрессияға душар болған, болмаса азамат соғысында қаза болған жүздеген мың казактардың есімдерін ақтау ғана емес, сонымен қатар кейбір саяси күштердің ықпалымен ең ұйымдасқан шовинистік күшке айналдыру екенін көрсете отырып қазақ дипломатиясының ардагері М.Есеналиев былай дейді: «Мемлекеттердегі казактарға шетелден ықпал жасап, олардың қайта жаңғыруына қолдау жасау әрекеттері бой көтере бастады. Олардың сеператистік және автономиялық қызметтері ынталандырылуда. Сонымен қатар территориялық талаптары қоздырылып, тәуелсіз мемлекеттің заңдарын бұзуға және бағынбаушылыққа айдап салушылық жүргізілуде. Күш көрсету,

қылыштың тарсылдауы, соғысқұмарлық мәлімдемелер жасалуда. Оған куә, Ресейдің көптеген қалаларында, соңғы кезде Қазақстанда да орын алып отырған казак атамандарының айтулары мен олардың жиналыстары (Исиналиев, 1998б: 215-216).

Мәскеудің ресми қолдауымен облыста шиеленісті тереңдете түсті. Сол кезеңде одақ басшылығындағылардың біразы казактардың ұрпағы болып шыға келді: Н.Рыжков (Министрлер Кеңесінің төрағасы) аталары дон казактары екенін жария етті. Д.Язов (КСРО Қорғаныс министрі) дон казагы, А.Руцкой (КСРО вице-президенті) терек казагы болып шықты. Ең қызығы, М.Горбачев барлық жерде кубань казактарынан шыққанын айтумен болды. Оның жерлесі әрі серіктесі А.Мартынов КСРО казактар одағының атаманы болды. Осындай жағдайда, ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда, ХХ ғасырдың басында казактар шабуылына ұшыраған біздерге – казактарға не күтуге болатын еді? Алайда қарсы әрекет жасайтын ерекше қолдауға ие болмағанымен, қол қусырып отыра беруге де болмайтын.

Материалдар мен әдістер

Қарастырылып отырған мәселеге байланысты деректер базасын екі топқа бөліп көрсетуге болады: Оның біріншісі, казактардың шығу тарихын тиянақты көрсететін шетелдік авторлар: Шейн О'Рурк, Альберт Ситон, Джон Бернес Ур, Бондаренко И.И., Долейши И., Фокиннің еңбектері. Бұл еңбектердің ішінде тенденциялық, бір жақты казактардың іс-әрекетін орынсыз жақтап жазушылар да бар. Мәселен, Н.Фокин еңбегі тарихи шындықты бұрмалайтын, қыркүйек оқиғасын біржақты сипаттайды. Фактілерді шындық тұрғысына жазбайды. Кітапта «Мәдениет үйінің қасында бірнеше жүз жастардың жанжалы жалғасып жатты» «омондықтарға тастар, батпақ, шіріген қызанақтар мен алманың кеміктері ұшып жатты», «казактардың сабырлылығына құрмет көрсету қажет», «оқиғаның осылай аяқталуына қоғамның мүшелерінің ұстамдылығы мен төзімділігіне байланысты болды», «казак қоғамы мерекені өткізуді қамтамасыз ететін және бір мезгілде қаладағы тыныштықты сақтайтын ымыраға келетін шешімді табуға қабілетті болды» т.т. (Фокин, 1996а: 380-384).

Материалдардың екінші тобын Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының ашқан сайттарындағы деректер, облыстық Мемлекеттік

Қауіпсіздік Мұрағатының арнайы қорлары, сол кезеңде Сыртқы Істер Министрі – ерекше маңызды тапсырмалар бойынша елші М.И. Есеналиев, облыс әкімі Н.Есқалиев, тарихшы Т.Рысбеков, журналист Л.Млечин және осы қыркүйек оқиғасының белсенді қатысушылары: М.Балмолда, О.Жәкібаев, Н.Сисенбайдың естелік кітаптарын жатқызуға болады. Сондықтан да мақаланың объектісі мен мәнін, тарихи маңыздылығын ашып берудің тәсілдері айқындалып, теориялық және эмпирикалық танымдық деңгейі бөліп қарастырылады. Зерттеу әдістерінің маңыздылығының ерекше болатын себебі оны қабылдаудың біркелкі және ыңғайлы формасына келтіру қажет. Қазіргі ғылыми зерттеу жұмыстарында көптеген тиянақты әдістер қолданылады. Біздің басшылыққа алғанымыз талдау, синтез, жалпы қорытындылау және дедукциялау әдістері болып табылады.

Оқырман назарына ұсынып отырған мақалада бұл оқиғаның себептерін ашып қарау үшін Ресей империясының бодан халықтарға деген шовинистік, ұдайы отарлаушылық қыспағында ұстап отыру және «бөліп алда билей бер» саясатын қалай іске асырғанына мұқият зер сала қарауымыз керек. Ол үшін тек оқиға басталған кездегі Одақ басшыларының ұстаған саясаты мен соны бүркемеленіп территориялық армандарын іске асыруға тырысқан теріс пиғылдағы күштердің көздеген мақсаттарын жан-жақты сипаттайтын зерттеулер мен баспа бетінде жарық көрген мақалаларға сүйену өте орынды.

Нәтижелер мен талдаулар

Казактардың көздегені не еді?

1990 жылы 25 қазанда Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Декларацияны қабылдады. Ал бір айдан соң 1990 жылы қарашаның аяғында Краснодарда Ресей атамандарының бірінші съезі болды. Оның декларациясында біздер үшін қауіпті мынадай бір тармақ болды: «Орал өңірі – азаматтық соғыс нәтижесінде заңсыз тартып алынған Ресей казактарының тарихи жері. Орал, Сібір, Орынбор, Жетісу казак әскерлерінің көптеген жерлері өзге өлкелерге бөлініп берілген». Осыған орай оралдық атаман А.Качалин «Огни Приуралья» газетінде «Тарихта мемлекеттер декретпен құрылған кезі жоқ. Сондықтан Қазақстанның шекарасын мемлекеттік емес, әкімшілік бөлініс деп танитындығын айтты. Мұндай арсыз мәлімдемеден кейін олардан жақсылық күту мүмкін емес еді. Сондықтан

оларды құқықтық жауапкершілікке тарту үшін Орал казактарының агрессивтік пиғылы туралы құжаттық дәлелдемелер керек болды. Бірақ МҚК басқармасы тарапынан ешқандай баяндау болмады. Мәскеуден, Ресейдің далалық атамандарының жиналысынан келген дала атаманы Сутягин деген КСРО вице-президенті Г.Янаевпен кездескені туралы айтып жүр деген мәлімет алынды. Ол Оралдағы казак құрылымдарын қатаң әскери жүйеге көшіруді ұсыныпты. Осыдан кейін Қазақстан Жоғары Кеңесінің депутаты В.Водолазов пен атаман А.Качалин егер оларға қарсылық болса, Оралда қантөгіс болуы мүмкін екенін ашық айта бастады. Олардың айтқандарының шектен шыққаны сондай, Жайық, Елек өзендерінің бассейндері мен тұтас Солтүстік Каспий аумағын өздерінің ықпал ету аймағы деп ресми жариялап жіберді.

1991 жылы маусымда Алматыда М.Горбачевтің өзі қатысқан партиялық-шаруашылық жиын өтті. Н.Назарбаев баяндамасында этникааралық келісім мәселесін, республиканың көптеген облыстарында құрылып жатқан радикалды казактар қоғамына қатысты көпұлтты Қазақстан халқының алаңдаушылығын айтты. Алайда М.Горбачев оған мән бермеді. Сосын республиканың басшылық құрамымен жеке кездесуде Орал облысының басшысы Н.Исқалиев Н.Назарбаевтың тапсырмасымен КСРО Президентіне сұрақ қойды: «Құрметті Михаил Сергеевич, Орал облысы коммунистері мен еңбекшілері атынан Орал қаласында еліміздегі барлық казак қоғамдары өкілдерінің қатысуымен КСРО казактар одағының «жайық казактарының патшаға қызмет еткенінің 400 жылдығын» мерекелеуді ұйымдастырумен байланысты қауіпті жағдаймен мұқият танысуыңызды және бұл жергілікті халықтың шамына тиіп, онсыз да қиын кезеңде шиеленісті жағдай туғызатындықтан, бұған тиым салуыңызды сұраймын. Өйткені бұл – өте қауіпті».

Алайда ол дәрекі түрде сөзін аяқтауға мұрша бермеді. «Ең алдымен, елде ешқандай қиындық жоқ. Егер қиындық сіздің облыста болса, оны реттеу керек, реттейміз де. Екіншіден, казактар да кеңес халқы. Ал әрбір халық өз тарихына құрметпен қарауға құқылы және ондағы мереке күндерін атап өте алады. Сондықтан мен сізге ол шараны өткізбейміз деп кепілдік бере алмаймын» деді (Н.Есқалиев, 2002:158).

Оралдағы казактардың қауіпті іс-қимылдары туралы Н.Есқалиев 1991 жылы шілде айында КСРО вице-президенті Янаевтың, қорғаныс министрі Язовтың, МҚК төрағасы Крючковтың

атына ресми хат жіберіп, олардан казактардың арандатушылық әрекеттерінің алдын-алуын сұрады. Осындай хатты республикалық органдарға, сондай-ақ Ресей мен Қазақстанның көрші облыстарының да басшыларына да жіберді.

Сонда ол КСРО халық депутаты ретінде жазғандықтан, КСРО Жоғары кеңесінің төрағасы А.Лукьяновтан ғана жауап алды. Ол сырғытпа, ештеңеге уәде бермейтін, тек тілектестігін білдірген жауап болды.

М.Горбачевтың Алматыда өткен партиялық-шаруашылық жиында айтқан сөзі казактардың жазасыздығына сенімділігін күшейте түсті. Олар Президент Н.Назарбаевқа хат жолдады: «Ел Президенті қатысқан республикалық жиында сөйлеген сөзіңізде сіз Қазақстан жерінде казактардың патшаға қызмет етуін мерекелеуді өткізуге жол бермейміз дейсіз. Мұндай пікірді, тарихи жағдайды біржақты бағалауды біз соңғы бір жарым жыл бойы Орал облысы басшысы мен оның айналасынан үнемі естіп келеміз. Екі жақтың да пікірін тыңдап, келісімге келтіре алатын қабілетіңізден үміттенген біз сізден мұны күтпеп едік. Егер біз қателессек, өкінішті. Ортақ іс үшін өкінішті. Сондықтан тарихи шындықты бұрмалауға қарсымыз. Сөзге құлақ аспау, тарихты мойындамау – өлкедегі бейбітшілік пен тыныштықты сақтаудың тиімді жолы емес. Біз Ресейдің ең еркіндік сүйгіш казактарының ұрпағы екенімізді ұмытпау керек. Сіздің сөзіңізге орай бізге мұндай қатынас жағдайында «өзімізді қазақ жерінде туған үйіміздей сезіне алмаймыз». «Қазақ жерінде» еркін өмір сүруге рұқсат еткен болып, Сіз ойланбай айтылған бір сөзіңізбен біздің тарихи отанымызға деген құқымызды таптап отырсыз, ал, шынында, Жайықтың оң жағалауы ешқашан қазақ жері болған емес. Бұны біреудің әлеуметтік тапсырысын орындап отырған Қозыбаев, Елагин, Беспаяев, Григорьев тәрізді ғалымдар жоққа шығаруы мүмкін. Сіздер «Алтын Орда ұрпақтары Мәскеуде оны Тоқтамыстың өртегенінің 600 жылдығын тойлауды ұсынса, ал татарлар бабалары орыс астанасын басып алуының 400 жылдығын мерекелеуді ұсынса, орыстар қалай қабылдар еді» деп, казактар мерекесін болдырмау үшін осы ғалымдардың пікіріне сүйеніп отырған боларсыздар. Алдымен бұл өтірікті Кеңес Одағының Батыры Е.Орақбаев айтса (Приуралье газеті, 16.05.91ж.), ал 12 маусым күні Сіз республикалық теледидардан соны қайталадыңыз. Біздің ойымызша, бұлай салыстыру дұрыс емес. Біз облысты Н.Есқалиев басқарып тұрған кезде Орал өңірінде тыныштық болмайды деп есептейміз. Казак-

тарды жойып жіберуге болады, бірақ тізерлете алмайсыз деген тәмсіл бар. Енді жойып жібере алмайтындарыңызға да сенімдіміз, өйткені уақыт басқа. Сондықтан ең дұрысы – халықтар достығының беріктігі үшін, тұрақтылық үшін бір-бірімізбен түсінісу жолын қарастыру керек. Сол үшін біз Сізбен кездескіміз келеді. Біздің адал тілегіміз бен құрметімізді қабыл алыңыз».

Орал казактары одағының Үлкен конференциясында қабылданды. 15 маусым 1991ж. (Жәкібаев, 2008: 92-95).

Осындай, еш жерінен мін таба алмайтын хат жазылды. Саяси сауатты, бәрі қамтылған, дипломатиялық тілмен жазылғаны көрініп тұр.

Бұл кездегі ахуалды, «Қазактар қоғамы» мен «Қайта өрлеу комитетінің» біріккен арандату әрекетін облыс басшысы Нәжімеден Ықсанұлы білді және ашық мәлімдеді, оған баға берді: «... Мәселен, орыс тілінде сөйлейтін тұрғындардың бір бөлігі республикалық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық бөлімшесінің құрылуын қазақ тілін күштеп енгізу үшін жасалған әрекет және бұл қоғам бара-бара басшы кадрлардың іріктелуін бақылаушы органға айналады деп есептейді...

Қазактар қоғамы, «Қайта өрлеу комитеті» дегенге бірлесіп, өздеріне көңіл аударту және... адамдарды өздеріне тарту үшін өлкенің тарихына байланысты фактілердің өңін айналдыруға, қисынсыз мысалдар келтіруге, әр түрлі сыбыстар таратуға кірісті...

«Қайта өрлеу комитеті» дегеннің қызметіне дер кезінде баға бермей, оны бақыламай отырған Орал қалалық атқару комитеті мен құқық қорғау органдары тарапынан байқалып отырған жайбарақаттылықпен де келісуге болмайды... Қалыптасып отырған жағдайға байланысты облыстың барлық тұрғындарына арандатушылық әрекеттерге қарсы өсіп отырған қоғамдық наразылықты білдіретін үндеу қабылдау қажет деп есептеймін...

Митингі ұйымдастырушылар... адамдардың сезімінде ойнап, табиғи алаңдаушылығын туғызуда... елдегі саяси және экономикалық жағдайды шиеленістіре түсуде...

Орал қаласындағы митингі, алдын ала жасалған сценарий бойынша өтті. Москвадан келген азамат бұрыннан да белгілі арзан әдістерді пайдаланып, тарихи фактілерді бұрмалады...» (Рысбеков, 2014а: 399-400).

Орал казактары ҚР Президенті Н.Назарбаевқа жолдаған хаттың көшірмесін, М.Горбачев пен Б.Ельцинге де жіберді. Онда облыстағы шиеленісті жағдайдың орын алуына казактар емес, облыс басшысы Н.Есқалиев

кінәлі деп санады. Ол ешқандай диалогке бармайды, өзгенің пікірін тыңдағысы да келмейді, тәкаппарлыққа, өзін күнәсіз санауға бейім. Облыстағы тұрақсыздықтың бастаушысы біз емес соның өзі» деп кінәлады (Фокин, 1996б: 368).

Бірақ Оралдағы казактардың үгіт-насихаты бәсеңдемеді, керісінше, ресейдің жаңа билігі тарапынан үлкен қолдауға ие болып, одан әрі өрши түсті. Орынбордағы «Казачьи вестник» газетінің бірінші номері «казактарды құртып жіберуге болады, алайда тізерлете алмайды» деген ұранмен шықты. Өзге номеріндегі «Заговорили потомки Батяя» деген мақалада кезінде Н.Назарбаев «казактар патшаға қызмет етуінің 400 жылдығын тойлауға жиналса, сәйкесінше, казактар да Тоқтамыс ханның Москваны алуының 600 жылдығын атап өте алады» деп айтты деп сынады. Қазаққа қарсы мұндай үгіт-насихаттың барлығында казактардың территориялық талабы идеясы жатыр еді. Мысалы, А.Галаган Қазақстан құрамында Орал казак автономиясын құруды ұсынса, В.Дьячков Қазақстанда орыс қауымдастығының жалпы территориясын ұйымдастыруға мүдделі. Екатеринбург атаманы Қазақстанның солтүстік облыстарын ресейлік Сібірдің бір бөлігі деп санап, ашықтан-ашық талап етті.

4 қыркүйекте облыстық атқару комитетінің орынбасары Н.Мордасов қол қойған патшаға қызмет етудің 400 жылдығына келетін казак әскерлері делегация өкілдеріне хат жолданды: «...бұл мерекені қалалық атқару комитеті рұхсат еткен жоқ, ал казактар Одағының оған бүкілодақтық сипат бергісі келуі Қазақ ССР тәуелсіздігіне қарсы келеді. Бұл идеяның өзі тұрғындарының 60% казактар болып келетін облыс жұртшылығының көбісі теріс қабылдайды. Осы жөнінде хабардар ете отырып, Сіздер саналылық танытып, ұлтаралық қақтығысқа ұласып кету қаупі бар мерекеге қатысудан бас тартады деген үміттеміз...» (Фокин, 1996 б: 372).

Алматының ұсынысы бойынша тамыз айының аяғында Ресей (А.Руцкой бастаған) және Қазақстан (Н.Назарбаев) делегацияларының жұмысшы кездесуі өтті. Басқа мәселелердің ішінде делегация көңілін аударған казактар және олардың позициясы жөніндегі мәселе болды. Мазмұндамада «Азаматтардың, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың ұлтаралық келісімді бұзуға бағытталған әрекеттері заңсыз деп танылсын» деп мәлімденді (Фокин, 1996 б: 372).

Бірақ бұл мазмұндама да казактарды тыныштандырмады.

Казактардың іс-қимылын қолдау үшін Орал облысы шекарасына қазір белгілі генерал Альберт Макашов басқарған Приволжск әскери округінен танк полкін әкеліп қоюға шешім қабылданған. Мұның бәрі кейін белгілі болды. Ол кезде ұлттық-мәдени орталықтар құра бастады. Облысымызды мекендейтін негізгі ұлттар мен ұлыстар үшін осындай орталықтар құру қажет деп саналды: орыстар үшін, украиндар, татарлар, немістер, шешендер, азербайжандар, т.б. үшін. Алайда жергілікті казактар орыстардың ұлттық-мәдени орталығына кіруге келіспеді. Олардың өздерінің белгілі жазушы Н.Корсунов бастаған күшті идеологиялық тобы бар еді. Олар казактар көптеген халықтың ұрпақтарынан құралған, сол себепті сословие деп аталады, сондықтан өзінің ерекше мәртебесі бар деп жариялады. Мәскеудің қатаң талап етуімен және ең қызығы, облыстық МҚБ-ның «өтінішімен» атаман Анатолий Качалин басқарған Орал (Жайық) казактар қоғамы ұйымдастырылды. Атаман алғашқы күннен әскери заводтардың, сондай-ақ арматура және жөндеу заводы ұжымдарының қолдауына ие болды.

Атаман Качалин мен облыстық Мемлекеттік Қауыпсіздік Комитетінің басшысы В.Червяковпен астыртын байланысы болды.

В.Червяковтың атаман А.Качалинмен болған әңгімесінің жазбасы белгілі болды. Онда облыстық МҚК басқармасы, оның басшысы жаулық бағыттағы Орал казактарына «мерекелік шаралар» өткізуге дайындалуына жан-жақты көмектесіп жүргені белгілі болды. В.Червяковпен болған әңгімеде ол мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының қызметіне обкомның араласуға құқы жоқ екенін қайта-қайта ескертіп, ақтала қоймады. Жағдай президент Н.Назарбаевқа баяндалды. Ол Мәскеуге СОКП ОК мен КСРО МҚБ-на баруды ұсынды. Олармен сөйлескеннен кейін Орал казактарымен арадағы шиеленісті Мәскеуде жақсы білетінін, тіпті артық білетінін естігенде таң қалмады. Онда олар «бір кезде заңсыз жойылған казак әскерін қайта құру» туралы мүдделерін жасырмады.

Президенттің ұсынысымен облыс басшысы Н.Есқалиев КСРО МҚБ-ның төрағасы В.Крючковтың өзінің қабылдауына қол жеткізді. Оған В.Червяковтың казак атаманымен әңгімесінің жазбасын көрсетті. Төраға тәжірибелі кәсіби маман болғанымен, таңданысын жасыра алмады: бұл қалай болғаны? Ол ештеңені уәде етпестен, «өзім анықтаймын» деді. Бір аптадан соң Мәскеуден МҚК басқармасының жұмысын тексеруге комиссия келді. Тексеру нәтижесінде мы-

надай шаралар алынды: В.Червяковты Саратов облысына МҚК басқармасына орынбасар етіп жіберді.

Бір айдан соң облыстық МҚК басқармасының жаңа басшысы А.М.Дружинин келді. Ол – шешесі жағынан татар, қазақ тілін, қазақтың мәдениеті мен дәстүрін жақсы білетін. Оның орынбасары жерлесіміз Т.Темешев болды.

Сонымен, кадр мәселесіне қатысты бір проблеманы шешіп бола берген кезде екінші бір мәселе пайда болды. Ол мәселе Орал казактарының сеператистік іс-әрекетіне облыстың әскери ведомствосы да тартылған болып шықты. Облыстық әскери комиссариаттың 80%, қалалық әскери комиссариаттың 95% қызметкері славян ұлтының өкілдері еді. Облыстық әскери комиссариаттың басшысы Д.Кравченко казактардың жиналыстарына өзі қатысатыны туралы хабар жетті. Ол Қорғаныс министрі Д.Т.Язовтың қолдауына ие екендігін жасырмады.

1991 жылы қаңтарда Вильнюсте телеорталықты қоршаған танк бөліміндегі Кеңес армиясының полковнигі Геннадий (Құспан) Қадырұлы Мукатаевты Кеңес Одағының Батыры, ардагер С.К.Нұрмағамбетовке және басқа әскери басшыларға айтып, облыстық әскери комиссариаттың орынбасары қызметіне орналастыруға жәрдемдесулерін өтінді. Бұл ГКЧП-дан тура бір апта бұрын болды. Өзінің еңбек демалысын сұрап жүрген Кравченко үшін бұл күтпеген жағдай болды. Ол демалуға кетті. Ал қыркүйек оқиғасының ең қиын күндерінде Геннадий өзін қабілетті, батыл және тез шешім қабылдайтын командир екенін көрсетті. Ол резервтегілерден (1800 адам) сенімді әскери мобилді отрядтар құрып, милицияға белсенді көмек көрсетті. («Казактар бүлігі» басылып, билік толық қолымызда болған соң облыс басшылығы Геннадий (Құспан) Мукатаевты облыстық әскери комиссар қойдырды, ал Кравченко орынбасар болды. Кейін ол өзінің отаны Украинаға кетті.

М.И. Есеналиев және азаттықтар

Қыркүйек айының басында Қазақстан азаматтық «Азат» қозғалысының республикалық мәжілісінде Бүкілқазақстандық шеру құру мәселесі талқыланды. Онда «Аттанайық Жайыққа» орталық штабы құрылып, оған Бүкілқазақстандық дәрігерлер ассоциациясының төрағасы Орал Сәулебаев, республикалық орталық ереуіл комитетінің төрағасы Дәурен Сатыбалдиев, Қазақстан жерінде атом қаруын сынауға қарсы «Аттан» штабының жетекшісі Амантай Асылбеков, Қазақстан азаматтық қозғалысының

республикалық үйлестіру кеңесінің мүшелері Жасарал Қуаншалин, Серік Ергалиев, Нұрзипа Жармұханбетова, «Семей-Невада қозғалысы жетекшілерінің бірі Бақытжан Әділов енді. «Аттанайық Жайыққа» ұранымен кемінде 300-400 кісі табу Орал Сәулебаевқа тапсырылды (Жәкібаев, 2007а: 194)

М. Есеналиев сол жауапты кезеңде казактардың ұлттық санасы мен саяси көзқарасының деңгейін көтеру мақсатында Қазақстанның «Азат» азаматтық қозғалысын ұйымдастырудың бастамашысы болды. Республика өз егемендігін жариялаған соң қозғалыс алдында жаңа міндеттер, яғни елдегі демократиялық процестерді орнықтыруға белсене қатысу міндеті тұрды. Сол мақсатта кейін «Азат» ҚАҚ негізінде республика партиясы құрылды (РПК). Кейін ол әр бөлек ұлттық-демократиялық қозғалыстарды (Желтоқсан, Азат, РПК) бір партияға біріктіруге ұмтылды. Алайда билік шынайы патриоттарға «Азатты» елдегі ұлттық-демократиялық күшке айналдыруға кедергі келтірді.

М.Есеналиев казактардың қазақтар үшін қандай қауіпті екенін білетін республика басшыларының бірі еді. Ол Саратов облысында туған, ұзақ жылдар Қазақстан КП ОК-де басшы қызметінде болып, өзгелер секілді емес, бас көтере бастаған казактар тарапынан төнер қауіпті шын сезіп, «казактар оты қауіпті» деп ескерткен. Баспасөздегі мақалаларында Михайл Иванович орыс шовинистерінің қолшоқпары казактардың іс-әрекеттерінің шын мәнін ашып берді. Ол бірнеше ғасыр бұрын Ресей империясының оңтүстік өлкесінде пайда болған казактардың тарихын білетін әрбір қарапайым адам Дон мен Кубаньға аштықтан, жоқтықтан, құлдықтан қашып барған орыс және украин шаруаларынан құралған дон және запорожье казактары мен патша үкіметі ұйымдасқан әскери-саяси құрылым ретінде әрдайым қолдап-қолпаштап отырған Орал, Орынбор, Сібір, Жетісу казактары арасындағы айырмашылықты ажырата алады. Олар елдің оңтүстік шекарасын күзету үшін ғана емес, сондай-ақ Сібірге, Орта Азияға, Қазақстанға дендеп кіру үшін, империя шекарасын ұлғайту үшін, көрші халықтарды бағындырып, жаңа жерлерді жаулап алу үшін құрылғаны баршаға белгілі. Казактар Ресейде самодержавиеге қарсы бүлік шығарумен қатар, сондай-ақ патшаның адал құлы да бола білді. Патша билігі бұл әскери-ұйымдасқан күшті Сібірде, Орта Азияда және Кавказда өзінің империялық-басқыншылық мақсатына тиімді пайдаланды.

Михаил Иванович Оралға азаттықтарды жіберудің бастамашысы болды, алайда оларға ойланбай іс қылмауды ескертті, барлық мүдделі жақтармен диалог жүргізуді тапсырды. Ал шын мәнінде бұлай жасау қиын еді.

Алайда сепаратистер тыныш жатпады, олар КСРО Конституциясының баптарына өзгеріс енгізуді қолға алды. Оның бастамашысы 1990 жылы 15 наурызда Бас хатшы, әрі КСРО Президенті болып өзінің зұлым ойларын жүзеге асырмақ болған М.Горбачев екенін бәрі білді. Осындай «екі кеменің басын ұстауды» республикаларда жүзеге асырмаққа бекінді. Әсіресе, Г.Колбин партия басшысы, әрі республика Жоғары Кеңесінің төрағасы болу үшін белсенді қимылға кірісті. Мәскеуде оны қолдады. Бірақ көрнекті саясатшы М.И.Есеналиев бастаған Қазақстан патриоттары оның жоспарын бұзды. Ол – терең білімді, асқан шешен, саяси көреген, өте адал және адамгершілік қасиеттері жоғары адам еді. Ол Бас хатшы М.Горбачевқа былай деп хат жазды: «Тек Қазақстанда ғана емес, жалпы КСРО Жоғары Кеңесінің төрағасы сол республиканың атымен аталатын жергілікті ұлттың және республиканы танытатын адам болуы керек. Ата-бабасынан қалып сақталған жері, тілі, салт-дәстүрі, тарихы мен мәдениеті бар ұлт Одақ құрамындағы басқа ұлттармен бірге республика Жоғары Кеңесінің басшысы ретінде өз ұлтының өкілі болғанын қалайды деп ойлаймын. Болашақта СОКП ОК республика партия ұйымы мен Жоғары Кеңесі басшылығына коммунист, интернационалист қазақты қойып, ақылға қонымды шешім қабылдайды деп сенемін» (Исиналиев, 1998 б: 32). Сол кезде ол республиканың Сыртқы істер министрі деген аты ғана бар қызметті атқаратын.

Көп ұзамай Г.Колбин Қазақстаннан кетуге мәжбүр болды.

Орал оқиғалары төңірегінде халықтық, қоғамдық пікір де түрлі бағытта өрбіді. Дұрыс түсінбеушілік қазақстандық саясаткерлер мен демократиялық күштер арасында да әртүрлі қарсы топтардың, пікірлердің туындауына себеп болды. Саяси құжаттардағы жергілікті басшылардың жіберген қателіктерін сепаратистік күштер өз мүддесіне қарай икемдеп түсіндіруне тырысты. Өздеріне жасаған барлық мүмкіншіліктерді қуана қолдай отырып, «жергілікті өкіметтен қолдауға ие болудамыз – деп, сырттағыларды желпіндіре түсті (Сисенбайұлы, 2001: 239).

Облыс басшылығының сол күндердегі қимыл-әрекетін біржақты бағалау әділдіктің

орын алмайтындығын білдіреді деп есептейміз. Өйткені олар казак сепаратистерінің ақыл-парасаты оянар, өз қателіктерін түсінер, жоғары жақтағы қолтыққа су бүркушілер тоқтау салар, ең бастысы қантөгіс болмасын деген ойда болды. Облыс басшысы тәкәппарлық танытып, тек менікі дұрыс деген ойда болған жоқ. Оған оның осы уақиға барысында жігерлілік пен ұлттық сезімнің, отан сүйгіштіктің үлгісін көрсеткен «Азаттың» жігіттерімен кездесуіндегі сөзі куә: «Облыс халқының басына осындай қиындық түскенде, халықты ұйымдастыру, орыс-казактарының ойлағанын болдырмағандарыңыз үшін, сіздерге рахметімді айтамын. Ал, қойған талаптарыңыз бойынша менің жұмыстан кету, кетпеуім – ел Президентінің шешетін шаруасы» – деп, облыс басшысы одан әрі өз сөзінде казактарға қарсы өздерінің де күрескенін, олардың іс-әрекеттеріне қатысты қырық том болатын айғақтардың жиналғанын, оның барлығының жоғарыға жіберілетіндігін, бұдан былайғы жерде елінің тәуелсіздігін қорғаған «Азаттың» жігіттерін ешкімнің қудалауына бергізбейтінін айтты...

«Қалай дегенде де, сол қыркүйек оқиғалары екі халықтың ең әуелі шекісуге (қантөгіс бола жаздап) жақындап, кейін бекісіп, жақындасуына себепкер болды ғой. Әрине, қантөгістің болмауына «Азат» азаматтық қозғалысының мүшелерінің көп еңбегі сіңді...» – деп, облыс басшысы Н.Есқалиев кейіннен өз ойын білдірді. Уақиғаны тексеру үшін Оралға келген Президенттік комиссия азаттықтардың, шеруге қатысушылардың барлық әрекетін толық бақылауға алғанын, қақтығыс түгілі құқық тәртібі күштерінің іске араласуына дейін жеткізбегенін анықтады (Рысбеков, 2014б: 400-401).

Тарихтың сабағы әрдайым бағалы. Көкшетауға шығарып салуға байланысты өткен жылында сөйлеген сөзінде «Азат» басшыларының бірі Б.Адилов сол уақыттағы шиеленісті оқиғаларға былай деп баға берген еді: «Қазақтар өз бостандығын үш ғасырдан астам уақыт күреспен алды. Батыс Қазақстан жерін де халықтың адал ұлдары қорғады. Өз тарихында Ресей де тәуелсіздік үшін күресті. Ол тарихта Невский, Донской, Пожарскийдің есімдері мәңгі қалды. 1991 жылы қыркүйек оқиғаларының осы жерде болуы кездейсоқ емес. Орал жеріндегі арандатулар орыс халқының емес, Ресей басшылығының ұлыдержавалық пиғылының көрінісі ретінде басталды. Бұны Орал қаласында болған оқиғалар кезінде әр ұлттан тұратын қала мен облыс тұрғындарының осында келген ка-

зактарды қолдамауы дәлелдейді. Қалай десек те, коммунистік партия халықты интернационализмге тәрбиелеп үлгерді. «Азат» қозғалысының мүшелері мұнда аса сындарлы кезде келді. Казактар біздің көшеде алшандай жүргенде, біздер терімізге сыймай кеттік. Біз қарсы бардық. Егер бір адамның – Н.И.Ескалиевтің сабырлылығы, шыдамдылығы болмағанда, қантөгіс болар еді. Ол Орал жұрты мен біздерді сабырға шақырып, сөзі мен ісіне сендіре білді. Оның әріптестері Гартман, Шумов, тағы басқалары Оралда ауыр сыннан өтіп, қызметтерінің өсуі тегіннен-тегін емес. Сізді ауыстырып жатқан Көкшетау облысы да тынышсыз. Онда ұлтаралық қатынаста қиындыққа кезігіп жатсаңыз, біз сізге баруға әзірміз, Нәке!» [Рысбеков, 2021а: 296].

Әрине, ол шын жүректен айтты. Сол Бақытжанмен алаңда бірге тұрғандардың арасында өздерінің амбициялық мақсаттарын, арзан атақ пен пасық мүдделерін көздеп жүрген адамдар да табылды. Олар көп емес еді, алайда жиналған топтың ашу-ызасын пайдаланып, жағдайды ушықтыра түсуде ерекше көзге түсті. Сол үшін оларды кіналамай-ақ қояйық, өйткені әркім өзінің саяси сауаттылығы мен адалдығына, қалыптасқан жағдайға байланысты дұрыс шешім қабылдау қабілеттілігіне қарай әрекет етеді ғой.

Оқиға қарсаңында және 15 қыркүйек

1991 жылы жаз бен күздің қатерлі күндері облыс басшылығының негізгі міндеті революциядан бұрынғы әскери казактар туралы қайтадан пайда болған мәселенің мәнісін жан-жақты анықтап түсіндіру болды. Және бұл мәселені өлкенің байырғы тұрғындары – орыстардың көңіліне келмейтіндей етіп шешу қажет еді. Алматыдан тарихшы ғалымдар, қоғамтанушылар шақырылды. Оларды орыс жолдастардың алдында сөз сөйлетті. Белгілі тарихшылар Елагин мен Григорьев үлкен көмек көрсетті. Қазақ ғалым-саясаттанушылары да сөйледі. Олардың арасынан көрнекті ғалымдар М.Қозыбаевты, С.Зимановты ерекше ықыласпен тыңдады. Мұндай үгіт-насихат жұмыстарының негізгі мақсаты – орыстар, казактар және өзге ұлт өкілдері арасында ғасырлар бойы қалыптасқан достықты сақтау және нығайту болды.

Облыс орталығында белгілі бір кадрлық ауыстырулар болды. Сол кезде билікте буын ауысуы да жүрді. Қалалық партия комитеті басшылығына ОК-тің келісімімен жартылай казак, бірақ қазақтың тілін де, ділін де білмейтін Джунусов В.К. келді. Алғашында оның да көңілі казактарға бұрып тұрды. Кейін, партия ұйымдарының ролі бәсеңдеген кезде, қалалық

атқару комитетінің төрағасы болып «Омега» заводының директоры, өте сауатты, өндірісті жақсы білетін Б.Г.Молдашев сайланды. Алайда ол жақсы саясаткер емес еді. Ол көпшілігі казактардан құралған қалалық кеңес депутаттарының қысымына шыдай алмай, талай рет облыс басшылығының араласуына тура келді. Демек, сол сындарлы кезеңде кадр тапшылығы қатты сезілді.

Орал қалалық партия комитеті қызметінде әлсіздік танытты. 1991 жылы ақпанда шығарған «Жаңадан құрылған Орал казактарының тарихи-мәдени қоғамына практикалық көмек көрсету туралы» қаулысы тосын жағдай болды. Бір қарағанда, айыптай да алмайсың. Алайда қалалық комитеттің бірінші хатшысы В.Джунусов қоғам құру тек бетперде екенін, оның аржағында қарулы казактар «азу тістерін» (вольче лыко) ақситып отырғанын түсінбеді. Облыс басшысы онымен бұл тақырыпта бірнеше рет әңгімелесті. Осы сындарлы кезеңде коммунистік парыз туралы екеу ара ауыр әңгімелер болды. Алайда көпшілік алдында жиналыстарда казактардың жетегінде кетіп қалды. Осымен байланысты үнемі тактиканы өзгертіп отырды. Басты міндеті – казактар белгілеп, қалалық кеңес қолдаған күнді – 400 жылдықты тойлау күнін, соза түсу қажет болды. Казактар да саясатын өзгерте бастады. Жан-жақты сынның қысымымен енді олар бұрынғыдай өткізбек шараларын «жайық казактарының патшаға қызмет етуінің 400 жылдығын мерекелеу» демей, басқаша «Орал казактарының Отанға қызмет етуінің 400 жылдығы» деп атай бастады. Өздерінің барлық шараларын құпия ұстады. Олардың қару-жарақ қорын жасақтап жатқаны баяндалды. Ұлтаралық текетірестің шиеленісуіне КСРО атамандар кеңесінің ықпалымен 1991 жылы 15 маусымда «Үлкен шеңбердің» Орал казактар одағының жарғысы мен бағдарламасының жобасын қабылдауы әсер етті. Атамандар кеңесіне КСРО басшылығы жан-жақты көмек көрсетіп отырғаны олардың барлық іс-әрекеттерінен көрінді.

Оларға қарсы «Азаттың» радикал басшылары Қазақстанда казактар ұйымдарының қызметін тоқтатуды, сондай-ақ 1991 жылдың 15 қыркүйегін қаралы күн деп жариялап, сол күні республиканың барлық облыстарында қарсылық шеруін өткізуді талап етті. Бұның бәрі тосын жағдай емес еді. 12 қыркүйек күні текетірес шарықтау шегіне жетіп, манифестациялар мен митингілерге ұласты. Шиеленіске Ресей мен Қазақстанның өзге облыстарынан келген казак құрылымдары тартыла бастады.

А.Г.Мартынов бастаған казактар одағының белсенділері мен Ресейдің түрлі қалаларынан келген казактардың 400-дей өкілдері Оралға казак формасымен келді, өзгелері қылыштары мен қанжарларын тағып түсті. Облыс басшысының орынбасары Н.Мордасов пен милиция бастығы В.Шумов «шақырылмаған қонақтарды «күтіп» алып, суық қаруларын жинап тастауын және қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылатындарын ескертті. Олар тапсырманы орындады.

1991 жылы 29 тамызда МҚБ-ның жаңа басшысы мәжіліс жасады, онда төтенше жағдайда жеке құрамды мобилизациялау туралы шешім қабылданды. Ол жұмысқа тәжірибелі де сенімді мамандар тартылды. Олар негізінен отставкадағы қызметкерлер еді. Олар резервтегі қызметкерлерді бастауы тиіс болды.

Қалыптасқан жағдай туралы мәлімет жергілікті басқару және билік органдарына, республика МҚК басқармасына жіберілді. Алынған материалдар бойынша облыстық прокуратура тарапынан сеператистік және экстремистік бағыттағы адамдарды ресми бақылауға алу жарияланды.

Құқ қорғау органдарына жәрдем беру үшін халық жасақшылары атымен қалада және аудандарда жастардан арнайы топтар дайындалды. ПБ басшысы В.Шумовқа маңызды мемлекеттік объектілерді күзету қажет болған жағдайда кемі бір батальон ішкі әскерді алуға қол жеткізу тапсырылды. А.Дружининнен осы кезде облыстық МҚК басқармасы қызметкерлерінің қатарын отставкадағы чекистермен толықтыру сұралды. Адамдарды шұғыл тасымалдау үшін әрбір көлік кәсіпорындарына қосымша автобустар, жүк және жолаушы көліктерін әзірлеу тапсырылды. Облыстық әскери комиссар Г.Мұқатаевқа бұрын әскерде болған сенімді адамдардан екі мың резерв әзірлеп, оларды қаруландыру тапсырылды. Медицина, тамақтану объектілерін, т.б. дайындау қажет болды.

13 қыркүйекте Оралда жағдай күрт шиеленісіп кетті. «Невада-Семей» қозғалысының көсемдері А.Адылов пен А.Асылбеков бастаған «Азаттың» өкілдері қатарынан шұғыл үш митинг-манифестация ұйымдастырып, билік органдарынан казактар мерекесін болдырмауды талап етті. «Азаттықтар» казак формасын киюге тиым салуды талап етіп, жергілікті лауазымды тұлғаларды балағаттады, митингке шыққандарды қолдау үшін республиканың өзге облыстарынан «Азат» қозғалысының мүшелерін шақырмаққа жиналды. Облыс басшылығы олардың буырқанған

сезімдерін қажетті арнаға бұруға тырысты. Әрине, олардың арасында да ойлы, ақылды жігіттер болды. Қысқасы, КСРО-ның 14 өлкесінен үш мыңдай казак әскерінің өкілдері Оралға жиналды. Олардың арасында үш, жеті кластық қана білімі бар өздерін генерал, полковник, есаул деп атаған адамдар болды. Олар Орал облысынан Жайық өзенінің оң жағалауын бөліп алып, Ресейге қосуды және Орынбор, Самара, Саратовтықтармен бірге біріккен казак әскерін құруды талап етті.

Екінші жағынан «Азат» партиясының өкілдері мен оңтүстік облыстардан келген жастар Орал жастарының жекелеген топтарымен бірігіп, казактарға қарсы үгіт-насихатты кеңінен жүргізді. Олар сондай-ақ «азаттықтар» мен олардың Алматыдағы «көсемдеріне» жақпаған Н.Ескалиевті облыс басшылығынан кетіру міндетін орындауға тырысты, себебі ол «аймақ» атты территориялық басқаруды құру туралы ұсыныс жасады». Дегенмен басшылық тараптарды келісімге келтіру, болуы мүмкін қатығыстың алдын алу позициясында болды, тараптар шешуші қимылға бармай тұрып қаруларын алды. А.Дружинин мен В.Шумов ПМ-нің арнайы отрядтары мінген самолеттер Ақтөбеден, Гурьевтен ұшуға бұйрық күтіп отырғанын хабарлады. Қызылорда мен Ақтауда да дайындалып жатты. Облыс басшысының ауызша тапсырмасымен Орал қаласынан қашықтығына байланысты аудандар 200 ден 500-ге дейін қарулы жігіттерден отрядтар ұйымдастырып, қалаға жеткізуі тиіс болды. Олардың арасында арандатушылар мен экстремистер болмауын аудандық әкімшілік басшылары қадағалауы қажет. Осының бәрі казактарды тыныштандыру үшін жасалды, өйткені олар күшке ғана бағынатын еді.

13-15 қыркүйек аралығында «Азат» азаматтық қозғалысы мен «Қазақ тілі» қоғамының облыстық бөлімшесі бастауымен Орал қаласының прогрессивті студент жастары Орал, Жамбыл, Шымкент, Ақтөбе, Павлодар, Алматы, Қызылорда, Жезқазған т.б. облыстар мен Түркменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан республикаларының демократиялық күштері өкілдері Орал казактарының «мерекесіне» Россияның барлық облысынан келген казак ата-мандарына наразылық ретінде жиналған халық митингтер, пикеттер ұйымдастырды. Ресми деректерге қарағанда «мерекеге» наразылық шараларына 3 мыңнан 10 мыңға аса адам қатысты (Жәкібаев, 2007б: 277).

1991 жылы 15 қыркүйекте сағат 11-ге жақын МҚК генералы Абдрахманов пен ПБ-нан гене-

рал Бисенов ұшып келді. Екеуі де өз істерінің кәсіби мамандары болатын. Олар В. Шумовпен (ШБ бастығы) және А.Дружининмен (МҚК) жұмысына кедергі келтірмеді, әлсін-әлсін астанамен хабарласып отырды. Олар жұмыстарын жалғастыру үшін Дружининге казактарды «Зенит» заводының мәдениет үйі ғимаратына жинауды тапсырды.

Жиналысқа кейбір казактар ішіп келді. Әйелдер көп болды. Екінші жағынан ашуызаға булыққан бес мыңнан аса қазақ жастары жиналды. Азаттықтардан 113 адам бір-бірінің қолдарынан мықтап ұстап, жағалай тұрды. Қарулы казактар да өздерінің жаулық пиғылынан қайтпады. Ол түсінікті еді – себебі олардың арандатуы басталып кетті де енді оны тоқтату қиын еді. Көршілес Ресей облыстарында қарулы казак отрядтары құрылып жатқанын хабарлады. Орал қаласында казактардың қарулы топтары жасақталғаны белгілі болды. Оларда мылтық қана емес, Орынбор мен Самара облыстарынан әкелген автоматтар, тіпті пулеметтер де болды.

Оралға Орынбор жағынан автобустар келе жатқаны туралы хабар алынған соң, солтүстік шекара жаққа ішкі әскер взводын жіберіп, оны басқаруды қалалық милиция бастығы В.Макашовпен бірге облыстық әскери комиссариаттың орынбасары Г.Мукатаевқа тапсырылды. Келе жатқан көліктерді бақылауға жалпы басшылық жасауды жоғары кәсіби және принципшіл облыс прокуроры К.Талиповтың қолға алуын сұралды. Кейін белгілі болғандай, солтүстік шекарадан мылтықтармен, автоматпен қаруланған казактар отырған ондаған автобустар кері қайтарылды. Автобус номерлеріне қара бояу жағылған. Облыс және қалалық МАИ қызметкерлері осы деректі оларды кері қайтару үшін пайдаланды. Тиісті органдар казактарды оқшаулау үшін осындай қатерлі жағдайда қолдан келген барлық мүмкіндікті жасады. Өйткені бұл арандату Қазақстанға өте қатерлі, қауіпті болды және ол осындай кең көлемде, әрі қылмыстық пиғылмен Мәскеу тарапынан ұйымдастырылды.

Осы оқиғаға тікелей қатысқан белсенділердің бірі, Орал педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетінің студенті, қазіргі кезде белгілі ақын, жазушы, мәдениет саласының майталманы Мұнайдар Балмолда өзінің деректі әңгімесінде былай деп көрсетеді: «Содан жүз он үш адамнан құралған, екі қатар тізілген, ешқандай қару ұстамаған ұзын сап оқтың өтіне, қылыштың жүзіне қарсы кетіп бара жатқан қорғансыз ауыр қолдай тұтасып, орын-

дарынан сынған сендей қозғалды. Алайда бұл қарусыз қолдың сулы семсерден де суық, қаһары қара аспаннан да уыт, қарусыз ашық, маңдайына көлденең ұстаған, оның да өн-бойын зіл басқан жалғыз көк байрақ ту ғана ық болған сипаты көрген көздерді бейжай қалдырмастай еді» (Балмолда, 2006а: 240).

Ақиқатын айту керек, екпіндеп келген ашулы жастарды шын мәнінде тоқтатқан милиция емес, онда «Азат» өкілдерінің үлкен үлесі болды. Халықты тыңдата білді. Ұйымдастырушылардың бекер жүрмегендіктері осындайда байқалып тұрды.

Оралда казактардың мерекесі тойланып жатты. Жергілікті басшылық қарсы болды. Алайда мерекені бәрібір өткізіп, Ресей бірнеше жүздеген казактар келді. Қазақстан Жоғары Кеңес казактарды ұлтаралық алауыздық туғызғаны үшін айыптады. Назарбаев Ельцинге хабарласып, казактардың әрекетін Қазақ ССР-ның мемлекеттік тәуелсіздігіне деген ашық сыйламаушылықты көрсететін арандатушылық екенін атады [Млечин, 2010: 258].

Азаттықтар мен Мәдениет Сарай жанына жиналған жастар казактардың өткізіп жатқан шарасын тоқтатып, кетуін талап етті. Казактарға ондаған автобус берілді. Олар артқы есіктен шығып кетуге мәжбүр болды.

Бұл күні түнде қаладағы қалыптасқан қоғамдық, саяси және ұлтаралық шиеленісті қадағалау мен милиция әрекеттерін хабардар болу үшін, ішкі істер бөлімі мен азаттықтар арасында біріккен кезекшілік орнатылды (Жәкібаев, 2007 б: 209).

Н.Ы.Есқалиев Украинадағы, қосымша Молдавадағы Қазақстан Республикасының елшісі болып жүргенде 1998 жылы жаз айында Приднестровьеде Приволжск әскери округының бұрынғы қолбасшысы, 1993 жылы Останкино телемұнарасына сәтсіз шабуылдарымен танымал генерал Альберт Макашовпен күтпеген жерден кездесіп, қыркүйек оқиғасына байланысты оның өз аузынан мына мәліметтерді естіген болатын:

“Білесіңдер ме, расымен де Құдай сіздің жағыңызда болды. Мен казактарды баяғыдан білемін. Олардың арасында менің көптеген достарым мен жұмыстастарым болды. Қызметкерлер мен атқарушы офицерлердің көпшілігі мейірімді және қонақжай, мен казактардан басқадан ондайды кездестірген емеспін. Тағдыр біздерді жат жерде кездестіргендіктен шын көңілмен мойындауым қажет: сол уақытта, 1991 жылы күз айында мен СССР қорғаныс Министрлігінің бұйрығын орындадым. Маған Самара облысын-

дағы Үлкен Черниговқаға полкті жылжыту тапсырылды, бұл тоқсаннан аса танкілер еді. Кейінірек бөлім командирі маған казак жаяу әскерінің бөлімі бізге қосылатынын хабарлады. Оларға менің бұйрығымсыз ешқандай шешім қабылдамауларын тапсырдым. Іс өте маңызды болды. Совет Үкіметі кезінде жергілікті биліктің алдын-ала рұқсатымен маған сеніп тапсырылған кез-келген округке кіруге болатын еді. Ал бұл жерге орналасу мүлдем өзгеше болды. Мен Орал қаласында шиеленіс болса “бітімгершілік миссиясын” орындауға міндетті болдым. Бұл Оралға танкілермен кіруге сылтау еді, әрі қарай Гурьевке дейін тым жақын болады. Маған Оралдық казактар әлдеқандай мерейтойды тойлауға жиналып жатқандарын айтты. Сондай-ақ Назарбаевтың өзі және облыстық басшылық бұл мерекені тойлауға қарсы екені белгілі болды. Оларды жергілікті халық қолдады. Ақымақ МТЖК (ГКЧП) Мәскеудің жоспарын құртқаны белгілі. Біздің министр сол кезде түрмеде отырды. Оның бұйрығын ешкім орындамады. Совет Үкіметі әлі де болды. Мен Оралдық казактардан «оларды ұрып» жатыр деген тиісті «мазасыз сигнал» күттім. Бірақ 15 қыркүйекке түске дейін ешқандай ақпарат түспеді. Дәл сонда Оралдан тағы бір жағдайға байланысты бүлік шығуы мүмкін деген шұғыл хабар алдық.

Қазақтардың қатты ызаланған тобы, әсіресе басқа облыстардан келгендері оларға облыс басшысы Искалиевтің өзінің шығуын талап етіп жатыр, ашулы топ басшыны “соғып тастауы” мүмкін деген ақпарат жетті. Осы да қақтығыс үшін сылтау болатын еді – облыс басшысын депутат, КОКП ОК мүшесін қорғау керек еді. Қысқасы, “сотталатын адамдар да, бап та” табылатын еді... Қалай болғанын сіздер білесіздер, Москва үнсіз қала берді” (Рысбеков, 2021б: 351-352).

1991 жылы 20-21 қыркүйекте болған халық депутаттарының облыстық сессиясы Орал қаласында болған жағдай туралы Н.Ескалиев пен Н.Мордасовтың баяндамаларын талқылай келіп, облыстық басшылықтың қызметін бірауыздан мақұлдады және казак қоғамдарының заңсыз әрекеттері нәтижесінде туындаған қауіпті жағдайдың бейбіт аяқталуын қамтамасыз етудегі іс-шараларды мақұлдады. Орал өңірі мен Қазақстандағы барлық халықтың бірнеше ғасырлық достығы қатал сынға төтеп берді. Еліміз бен республиканың жоғары органдарына ақпарат беру үшін құжаттар дайындау және сессия материалдарын жергілікті БАҚ-та жариялау туралы шешім қабылданды. Сессияда

қабылданған қаулыда қиын да күрделі жағдайда құқ қорғау органдары мен қызметінің, сондай-ақ мобильді топтар мен халық жасақшыларының жоғары ұйымдастырушылық дәрежесі мен жедел қимылы қамтамасыз етілгені атап көрсетілді. Сессия қорытындылары туралы ресми ақпарат республикаға тез тарады. Республикалық органдардың көптеген өкілдері облысқа күн құрғатпай келіп жатты. 1991 жылы қазан айының соңында облысқа сайлаушылармен кездесуге келген кезде президент Н.Назарбаев Орал өңірінің халқы мен облыс басшыларына шынайы алғысын білдірді. Президент жағдайдың бейбіт аяқталғанына халық қалай қуанғанын өз көзімен көріп сенді. Ол сол кезде Оралда болған оқиға туралы, казак-казак қарсылығының қатерлі мәні, сондай-ақ оның болуы мүмкін жағымсыз салдарлары туралы мұқият сарапталған мәлімет алып, облыс басшылығының ұстанған позициясы мен жасаған әс-қимылын мақұлдады.

Қорытынды

1991 жылдың 13-15 күндері аралығында Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласында болған бұл тарихи оқиға елдің есінде. Ол тарихи жадыдан жойылуы, сұртілуі мүмкін емес. 1990 жылдың 25 қазанында егемендік декларациясын жариялағанымен тәуелсіздігін алып болмаған Қазақстан 1991 жылы, осы «Қыркүйек – Орал оқиғасынан кейін, араға үш айдай салып, төрткүл дүниеге өзін тәуелсіз елміз деп жар салды. Тәуелсіздікке барар жолда «Желтоқсан көтерілісі» мен «Қыркүйек бұлқынысы» тарихи зор маңызға ие (Балмолда, 2006 б:247).

Орал қаласының тарихын зерттеушілер оның бес кезеңін бөліп қарайды. Соңғы бесінші кезеңі еліміздің тәуелсіз Қазақстан Республикасын құрудан және 1991 жылғы қыркүйек оқиғасымен тұспа-тұс келді.

Орал оқиғасы кезіндегі жағдайдан мынандай қортындылар жасауға болады:

- Облыс және қала басшылығының жіберген қателіктері мен қабылдаған шешімдерінің солқылдақтығы. Мәселен, Орал казактарының тарихи-мәдени қоғамының құрылуы; Орал қаласы үшін ресми тіл орыс тілі деп жариялануы;

- Атаман Качалин басқарған Орал казактарының саяси кеудемсоқтығы: жергілікті басшылықтың қойған талабы мен рұхсат етпеуіне қарамастан «мерекені» тойлауға әрекет жасап, оған «әскериленген» топтарды шақырып, қала көшесінде «казак киімдерінің» белгілерімен сап түзеп жүру арқылы сұс көрсетуге тырысты

және тәуелсіз мемлекетті құрметтемеу сезімін білдірді.

- 1991 жазда казактардың тарихи-мәдени қоғамымен қатар олардың Одағы құрылды. Қыркүйек оқиғасынан кейін Оралдағы казактар қозғалысы шынайы, объективті және субъективті жағдайлармен, тұлғааралық қателіктер мен қайшылықтарға тап болды; оның (одақтың – С, Т.Р.) қызметінің болашағы мен қорытындылары бұлыңғыр, белгісіз болып көрінді; оның қала тұрғындарының ортасында беделі төмендеп кетті. Бұрын оралдықтар мақтан тұтатын казактар бірлігі бұзылды. Жекелеген басшылардың өркөкірек талаптары үстем бола бастады. Мәселен, А.Качалин өзінің Одақ атаманы лауазымын атаққұмар мансаптық мақсатта пайдалануға тырысты. Ол облыстық деңгейдегі «саяси фигура» болуға, депутат болуға әрекет жасады.

- Облыс халқының басына қиын кезең орын алғанда халықты ұйымдастыру, орыс казак-

тарының ойлағанын іске асырмауда «Азаттықтардың» атқарған жұмысы айтарлықтай. Студент жастардың Отанға деген сүйіспеншілігі «Желтоқсан» көтерілісіндегідей жоғары деңгейде болды.

- Қыркүйек оқиғасына қатысқан белсенділер де халық арасында өзінің жатымды бағасын алды.

Қазақ – казак тектіресінің Оралдағы негізгі көріністері осындай еді. Олар ХХ ғасырдың аяғындағы Кеңестер Одағы деп аталатын бір кездегі дүниежүзілік державаның жаһандық саяси мүдделер қақтығысының ортасында елеусіз қалды.

Біз неғұрлым ол күндерден алыстаған сайын алдымызға бір қортынды шыға береді: 1991 жылдың сол қауіпті күзді күнінде тек Батыс Қазақстан ғана емес, бүкіл республика “тәуелсіз Қазақстанның болу-болмау” дилеммасының (екінің бірін алу) алдында тұруы мүмкін еді. Әрине, әділдік қай кезде де үстем болып шығады.

Әдебиеттер

- Балмолда М. (2006). Көкбөрі. Өлеңдер мен әңгімелер. Орал: Ағартушы. 288 б.
- Бондаренко И.И., Дoleyши И. (2014). Летопись казачества. Казаки в Центральной Европе. Братислава: Европейский центр изобразительных искусств. 540 с.
- Жәкібаев О. (2007-2008). Азаттық. Қоғамдық-тарихи тақырыпқа үш кітап. Орал: «Полиграфсервис». I кітап. 316 б.; II кітап. 252 бет.; III кітап. 260 б.
- Исиналиев М. (1998). На грани эпох. Алматы: «Гылым». 320 с.
- Искалиев Н. (2002). Фарватер или то, о чем следует помнить. Уралск: Полиграфсервис. 218 с.
- Млечин Л. (2010) Назарбаев. Групповой портрет с президентом. Москва: Восток-Запад. 343 с.
- Рысбеков Т. (2014). Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. Алматы: Абзал-ай. 528 б.
- Рысбеков Т. (2021) Тағдыр соқпақтары. Орал: «Полиграфсервис». 432 б.
- Свиридов А. (2006) Современный Казахстан: 20 лет общественной мысли. Алматы: Ост – ХХ век. 384 с.
- Сисенбай Н (2001). 1991, қыркүйек – Орал оқиғасы. Ақтөбе: Лазер. 300 б.
- Сисенбай Н. (2008). Азат – азаттық жолында. Ақтөбе: Литер – А.290 б.
- Ситон А. (1972) Казаки. Беркшир: Osprey Publishing. 48 p. // Seaton Albert. The Cossacks.
- Ситон А. (1985). Всадники степей. Лондон: Бодли Хед. с.205-216.
- Фокин К.И. (1996) Финал трагедии. Уральские казаки в ХХ в. Москва: Аким. 447 с.
- Ур Джон Берке. (2002). Казачества. Лондон. 280 с. // Joiin Ure. (2002) The Cossacks. London. 280 p.
- Шейн О’Рурк. (2007). Казаки. Манчестер: Манчестерский университет. 320 с. // Shane O’Rourke. (2007) The Cossacks. Manchester University press. 320 p.

References

- Balmolda M. (2006). Kokbory. Olender men angimeler [Kokbory. Poems and stories.] Uralsk: Agartushy. p.288
- Bondarenko I.I., Doleyshi I. (2014). Letopis' kazachestva. Kazaki v Central'noj Evrope. [Chronicle of the Cossacks. Cossacks in Central Europe. Bratislava: European Center for the Fine Arts]. p.540
- Zhakibaev O. (2007-2008). Azattyk. Kogamdyk-tarikhi takyrypka ush kitap [Freedom. Three books on socio-historical topics.]. Uralsk: “Polygraphservice”. I book. p.316; II book p.252; III book p.260
- Isinaliev M. (1998). Na grani jepoh. [On the verge of eras]. Almaty: “Gylym”. p.320
- Iskaliev N. (2002). Farvater ili to, o chem sleduet pomnit'. [Fairway or something to remember]. Uralsk: Polygraphservice. p.218
- Mlechin L. Nazarbaev. Gruppovoj portret s prezidentom. [Nazarbayev. Group portrait with the president]. Moscow: East-West. p.343

- Rysbekov T. (2014). Tarikhi tulgalar: uakyt zhane omir zholdary. [Historical persons: times and life ways]. Almaty: Abzal-ai. 528 b.
- Rysbekov T. (2021) Tagdyr sokpaktary. [Fate trails]. Uralsk: "Polygraphservice". p.432
- Sviridov A. (2006) Sovremennyj Kazahstan: 20 let obshhestvennoj mysli. [Modern Kazakhstan: 20 years of social thought]. Almaty: Ost – XX century. p.384
- Sisenbai N. (2001). 1991, Kyrkuiyek – Oral okigasy. [September – Uralsk event]. Aktobe: Laser. p.300
- Sisenbai N. (2008). Azat – azattyk zholynda. [Azat – on the road to freedom]. Aktobe: Liter – A. p.290
- Seaton A. (1972) Kazaki. [Cossacks]. Berkshire: Osprey Publishing. 48 p. // Seaton Albert. The Cossacks.
- Seaton A. (1985). Vsadniki stepej.[Horsemen of the steppes]. London: Bodley Head. pp. 205-216.
- Fokin K.I. (1996) Final tragedii. [The finale of the tragedy. Uralsk Cossacks in the XX century]. Moscow: Akim. p.447
- Joiin Ure. (2002) Kazachestva. [The Cossack]s. London. 280 p.
- Shane O'Rourke. Kazaki. (2007) [The Cossacks]. Manchester University press. 320 p.